«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«BILIM GAZYNA» КММ
№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі»ММ
2024 жылғы «29» «07»
№ 400 бұйрығымен
«БЕКІТІЛДІ»

# БАҒДАРЛАМА
**«Тұз шахтасы»**
(ортаңғы, ересек, мектепалды топтары)

Ақтөбе, 2024 жыл

Сканировано с CamScanner

Бағдарламаның негізі: Бейсенова Ә.Б. Экология және табиғатты тиімді пайдалану. Оқу құралы. Алматы, 2004.

Құрастырған: Корнилова Н.Н. медбике

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК педагогикалық кеңесі отырысында «Тұз шахтасы» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама №1 «27» тамыз 2024 жыл

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК меңгерушісі: Шокпарова К.Т.

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Тұз шахтасы» бағдарламасы мақұлданды және бекітілді.

Хаттама №1 «28» 08 2024 жыл

Сараптау комиссиясының төрайымы: Шалабаева Ж.Б.

Сканировано с CamScanner

№43 «Гүлдәурен» балабақшасының медбикесі Корнилова Н.Н.
«Тұз шахтасы» бағдарламасына

## Пікір

Ұсынылып отырған бағдарлама соңғы жылдары әлемді шарлаған індет адамдардың жаңа идея тудыруына, күнделікті жұмыстарына жаңалық енгізуге түрткі болды десек, қателеспейміз. Өйткені технология дамыған заманда еш әрекетсіз отыра беруге әсте болмайтын еді. Міне, соны ескерген Ақтөбе қаласындағы №43 «Гүлдәурен» балабақшасы балаларға арнап «Тұз шахтасы» емдік кабинетін іске қосты. Әр баланың денсаулығы бірінші орында тұрады. Мұнда әр топтағы балалар келіп, 10 минуттай ішінде ойнайды. Алдымен бөлмені желдетіп аламыз. Одан кейін тұз қоспасы бар арнайы құрылғы тоққа қосылып тұрады (медбикенің бақылауымен).

Бүгінде психологтар баланың саусақ ұшындағы ұсақ моторикасын дамытуда құммен ойнаудың маңызы зор екенін айтады. Бұл да сол секілді. Бөлменің қабырғалары түгел тұздан тұрады. Жерге төселген тұзда әртүрлі ойыншықтармен ойнау да балаларды зеріктірмейді. Бір дерек келтіре кетейік. Польша дәрігері Боцковский Украинаның Краков қаласындағы Величка тұз шахталарында тұз өндірушілердің денсаулығының жақсы екенін бақылап, зерттеген екен. Тұз терапиясының тағы бір артықшылығы, көңіл-күйді жақсартуға көмектесетін иондарға бай екені де дәлелденген. Балаларға арналған бұл бағдарламаның негізгі міндеттерінің бірі-болашаққа ой-өрісі биік, шығармашыл, ізденімпаз,ұлттық рухы жоғары ұрпақ дайындау. Мұндай бағдарлама балалардың қиялын дамыту үлкендердің жағымды іс әрекетін қайталауға жетелейді. Бала өзі таңдаған ойындардың мазмұны бойынша «неліктен?», «неге?», «қалай?» деген сұрақтарға жауап іздестіру арқылы өз бетінше ой түйіп, қарапайым қортынды жасауға үйренеді. Бағдарламаның тақырыптары нақты құрылымымен, мақсатымен берілген. Соңғы жылдары балалардың қызығушылығын, ізденушілік әрекетіне, білім алудағы белсенділігін қалыптастыруға, ой жүгіртуге, өздігінен шешім шығара білуге үйретуге көңіл бөлінуде.

Сонымен қатар, тұз бірден бірнеше сауықтыру функцияларын орындайды: қабынуға қарсы, иммуностимуляциялаушы, аллергияға қарсы әсер етеді. Тыныс алу жолдарын қалыпқа келтіреді және бала ағзасына пайдасы зор деп есептейміз.

Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік университетінің доценті, п.ғ.к. Досжанова С.

ҚОЛЫН РАСТАЙ

Сканировано с CamScanner

**Түсінік хат**

Ұсынылып отырған бағдарлама соңғы жылдары әлемді шарлаған індет адамдардың жаңа идея тудыруына, күнделікті жұмыстарына жаңалық енгізуге түрткі болды десек, қателеспейміз. Өйткені технология дамыған заманда еш әрекетсіз отыра беруге әсте болмайтын еді. Сондықтан, баланың денсаулығы бірінші орында тұрады. Мұнда әр топтағы балалар келіп, 10 минуттай ішінде ойнайды. Алдымен бөлмені желдетіп аламыз. Одан кейін тұз қоспасы бар арнайы құрылғы тоққа қосылып тұрады (медбикенің бақылауымен). Сол тұзды ауаны жұту балаларға өте пайдалы, – дейді меңгеруші, балабақша медбикесі.

Бүгінде психологтар баланың саусақ ұшындағы ұсақ моторикасын дамытуда құммен ойнаудың маңызы зор екенін айтады. Бұл да сол секілді. Бөлменің қабырғалары түгел тұздан тұрады. Жерге төселген тұзда әртүрлі ойыншықтармен ойнау да балаларды зеріктірмейді. Бір дерек келтіре кетейік. Польша дәрігері Боцковский Украинаның Краков қаласындағы Величка тұз шахталарында тұз өндірушілердің денсаулығының жақсы екенін бақылап, зерттеген екен. Тұз терапиясының тағы бір артықшылығы, көңіл-күйді жақсартуға көмектесетін иондарға бай екені де дәлелденген. Ортаңғы, ересек, мектепалды топтарына арналған бұл бағдарламаның негізгі міндеттерінің бірі- болашаққа ой-өрісі биік, шығармашыл, ізденімпаз, ұлттық рухы жоғары ұрпақ дайындау.

Мұндай бағдарлама балалардың қиялын дамыту үлкендердің жағымды іс әрекетін қайталауға жетелейді. Бала өзі таңдаған ойындардың мазмұны бойынша «неліктен?», «неге?», «қалай?» деген сұрақтарға жауап іздестіру арқылы өз бетінше ой түйіп, қарапайым қортынды жасауға үйренеді.

**Бағдарламаның мақсаты:** балаларда тұздың қасиеттері, формалары мен түрлері туралы нақты түсініктердің жинақталуына ықпал ету.

**Міндеттері:**

Білімділік: тұз және оның қасиеттерін тани білуге құштарлығын арттыру, тәжірибе жасай білуге үйрету.

Дамытушылық: Есте сақтау, танымдық ойлау қабілеттерін дамыту. Сөздік қорларын молайту.

Тәрбиелік: Қоршаған ортаны құрметтеуге табиғатты аялауға, табиғат байлықтарына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

**Күтілетін нәтиже:**

- балалар тұз, оның қасиеттері, өндіру әдістері, тұз түрлері, оның пайдасы мен зияны туралы түсінік алады, ақпарат алу үшін әртүрлі әдістерді қолдануды үйренеді;

Сканировано с CamScanner

- мектеп жасына дейінгі балалар қоршаған әлемді зерттей отырып, танымдық ойлау қабілеттері мен сөздік қоры молаяды;
- балалар тәжірибелік - зерттеу дағдылары арқылы табиғатқа қамқорлық танытады.

**Бағдарламаның мерзімі:** Бағдарлама ортаңғы, ересектер және мектепалды топтарына арнап құрастырылған. Барлығы – 72 сағат, аптасына 2 сағаттан. Бағдарлама үш жылға арналған.

Сканировано с CamScanner

**Тақырыптық жоспары**

| № | Тақырыбы | Сағат саны |
|---|---|---|
| 1 | Тұз туралы не білесің? | 3 |
| 2 | Тұз бұрын қалай өндірілген? | 3 |
| 3 | Көркем әдебиеттер дайындау. (ертегі, әңгіме, мақал-мәтелдер, жұмбақтар тұз туралы) | 8 |
| 4 | Тұз қайдан алынады? | 3 |
| 5 | Біздің елімізде тұз қай жерде шығады | 3 |
| 6 | Тұздың түрлері» (теңіз, ас және тасты, ұсақ, ірі) | 3 |
| 7 | Адам тұзды қалай пайдаланады? | 3 |
| 8 | Таңғажайып тұздың сипаты. | 3 |
| 9 | Тұзды бояу | 3 |
| 10 | Бұл сиқырлы әлем | 3 |
| 11 | Тұз шахтасындағы керемет күндер | 8 |
| 12 | Тұз бен қанттың ұқсастығы | 3 |
| 13 | Тұз неге жылы суда тез ериді? | 3 |
| 14 | Тұзды суда жұмыртқа неге батпайды? | 3 |
| 15 | Тұзды қамырдан жасалған көкөністер. | 3 |
| 16 | Түрлі түсті тұздан жасалған қол өнер | 3 |
| 17 | Тұз өсімдіктердің өсуіне қалай әсер етеді. | 3 |
| 18 | Ата-аналарға арналған кеңестер | 5 |
| 19 | Тұз терапиясы | 3 |
| 20 | Ғажайып тұз | 3 |
| | **Барлығы:** | **72** |

Сканировано с CamScanner

**Перспективалық жоспар**

| № | Тақырыбы | Мазмұны | Сағат саны |
|---|---|---|---|
| 1 | Тұз туралы не білесің? | Тұз туралы білімдерін кеңейту. Тұздың қандай пайдасы барын, зияны туралы әңгімелесу. (теңіз тұзы, йодталған тұз, ұсақ, ірі тұздар, ас тұзы) | 3 |
| 2 | Тұз бұрын қалай өндірілген? | Адамзаттың жасаған тәжірибесімен таныстыру арқылы ой-өрісті кеңейту. Тұзды бұрын қалай өндірілгені туралы толық мағлұмат беру. | 3 |
| 3 | Көркем әдебиеттер дайындау (ертегі, әңгіме, мақал-мәтелдер, жұмбақтар тұз туралы). | Көркем әдебиеттер қарау арқылы әңгімелеу, ертегі, мақал-мәтелдер айту. Жұмақтар шешу. | 8 |
| 4 | Тұз қайдан алынады? | Тұз-медицинада кеңінен қолданылатын пайдалы қазба, өнеркәсіп пен тұрмыста. | 3 |
| 5 | Біздің елімізде тұз қай жерде шығады | Тұз Қазақстанда Аралда Қызылорда облысында өндіріледі. | 3 |
| 6 | Тұздың түрлері» (теңіз, ас және тасты, ұсақ, ірі). | Тұз теңіздерде, мұхиттарда, тұзды көлдерде, тұзды батпақтарда, сондай-ақ барлық тірі организмдерде кездеседі. | 3 |
| 7 | Адам тұзды қалай пайдаланады? | Тұз адамның өмірі мен денсаулығы үшін өте маңызды. Тұз көп мөлшерде өте зиянды, ал аз мөлшерде пайдалы. | 3 |
| 8 | Таңғажайып тұздың сипаты. | Танымдық-зерттеу қызметі арқылы балалардың қызығушылықтырын оятып, сипттап айту. | 3 |
| 9 | Тұзды бояу | Танымдық зерттеулер арқылы тұздың түсін бояу арқылы іс-тәжірибе жасау. бейімдеу. Тұздың түсі қалай өзгергенін анықтау. | 3 |
| 10 | Бұл сиқырлы әлем | Балаларды тұзбен сурет салу техникасымен таныстырып жұмыс жасай білуге үйрету. (әр түрлі суреттер, гүл, стақан сыртын тұзбен безендіру) | 3 |
| 11 | Тұз шахтасындығы керемет күндер | Тұзды бөлмеде отырып, денсаулыққа пайдалы екеніне көз жеткізу. Процес уақытында тынығу, ән тыңдау, ертегі тыңдау, жерге төселген тұзда сурет салу, ойнау. | 8 |

Сканировано с CamScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| 12 | Тұз бен канттың ұқсастығы | Танымдық-зерттеу қызметі арқылы тұз бен канттың ұқсастығын ажыратып айту. | 3 |
| 13 | Тұз неге жылы суда тез ериді? | Балалармен бірге тұздың еруін бақылау арқылы ойларын дамыту. Екі ыдыста су, жылы, салқын су, ыдыстағы суларға бір қасық тұз салып қай ыдыстағы судың тез еритінін бақылау. | 3 |
| 14 | Тұзды суда жұмыртқа неге батпайды? | Танымдық қызығушылықтарын арттыру, екі ыдыс алып біреуіне бір қасық тұз салып, екінші ыдыста су, екі жұмыртқаны алып ыдыстарға салып бақылау, батады батпайды, қорытындысын таңдайды. | 3 |
| 15 | Тұзды қамырдан жасалған көкөністер. | Балалардың шығармашылық ойларын дамыту. Алдын ала жасалған тұзды қамырдан көкөністер жасауды үйрету, жасаған көкөністерін бояумен бояу. | 3 |
| 16 | Түрлі түсті тұздан жасалған қол өнер | Балалардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіру. Түрлі түсті тұздардан қол өнер жасауды үйрету (шыны құмыра ішін түрлі түсті тұзға толтыру, дайын салынған суретті түрлі түсті тұзбен безендіру). | 3 |
| 17 | Тұз өсімдіктердің өсуіне қалай әсер етеді. | Балалардың тәжірибелер жасауға деген қызығушылықтарын арттыру. Екі ыдыста салынған топырақ біреуіне тұз сеуіп пиязды отырғызып бір ай көлемінде бақылау. Тұз салынбаған ыдыстағы пияз бүршігін жарып шыға бастайды. Тұз салынған ыдыстағы пияз сол қалпы тұрады. | 3 |
| 18 | Ата-аналарға арналған кеңестер | Ата-аналар балаға тұз туралы әңгімелеу. Балалармен бірігіп тұздың қасиеті туралы ақпараттар дайындау. Балалармен бірге көрмеге тұзбен жасалған суреттер дайындау. | 3 |
| 19 | Тұз терапиясы | Ата-аналармен шеберлік сыныптар өткізу. | 3 |
| 20 | Ғажайып тұз | Тұз бен тұзды қамырдан дайындалған жұмыстар көрмесі. | 3 |
| **Барлығы** | | | **72 сағат** |

Сканировано с CamScanner

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

Негізгі әдебиет:

1. Бейсенова Ә.Б. Экология және табиғатты тиімді пайдалану. Оқу құралы. Алматы, 2004.

Қосымша әдебиеттер:

1. Экологическое воспитание младших школьников./ И.В. Цветкова. Педагогическое общество России, 2000.
2. Экологический проект "Моё дерево"/ Н.А. Рыжова.- М.: Карапуз-дидактика, ТЦ Сфера, 2006.
3. Экологический занятие в детском саду.Воронеж 2006.
4. Бала тәрбиесі №2,2009.
5. Бала мен балабақша №3,№6 ,2010.
6. Бейсенова Ә.Б. Экология және табиғатты тиімді пайдалану. Оқу құралы. Алматы, 2004.
7. Сағымбаев Ғ.Қ. Экология негіздері. Оқу құралы. Алматы, 1995.
8. Байтулин И.О. Экология Казахстана. Алматы, 2003.
9. Фурсов В.И. Экологические проблемы окружающей среды. Алма-Ата, «Ана тілі», 1991.
10. Жамалбеков Е.Ү., Білдебаева Р.М. Жалпы топырақтану және топырақ географиясы мен экологиясы. Алматы, «Қазақ университеті», 2000.
11. Мәмбетқазиев Е., Сыбанбеков Қ. Табиғат қорғау. Оқу құралы. Алматы, «Қайнар», 1990.
12. Бродский А.К. Жалпы экологияның қысқаша курсы. Оқу құралы. Алматы,«Ғылым», 1997, қаз.ауд. Көшкімбаев Қ.С.

Сканировано с CamScanner